

**«Казкоммерцбанк»
Акционерлік қоғамының
(«Казкоммерцбанк» АҚ)
ҮШІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕГІНДЕГІ
КУПОНДЫҚ ТӘРТІПТЕЛГЕН ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ БІРІНШІ
ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ
ПРОСПЕКТІ**



Алматы қ., 2015 ж.

1. Купондық тәртіптелген облигациялардың осы шығарылымы «Казкоммерцбанк» акционерлік қоғамының (бұдан әрі «Казкоммерцбанк» немесе «Эмитент») үшінші облигациялық бағдарлама шығарылымы проспектіне сәйкес 600 000 000 000 теңге сомасына жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер.

Облигациялық бағдарлама проспекті мемлекеттік тіркеуден өткен күні:	07.08.2015ж.
Шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшалай көлемі:	600 000 000 000 (алты жүз миллиард) теңге.
Облигациялар шығарылымының реттік нөмірі	Үшінші облигациялық бағдарлама шегіндегі купондық тәртіптелген облигациялардың бірінші шығарылымы
Облигациялардың осыған дейінгі шығарылымдары туралы мәліметтер (шығарылымның уәкілетті органда тіркелген күні, облигациялардың саны, шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі және аталған облигациялық бағдарлама шегіндегі әрбір шығарылым бойынша бөлек орналастырылған облигациялардың саны)	Осы шығарылымы үшінші облигациялық бағдарлама шегіндегі бірінші шығарылымы болып табылады.
Облигациялық бағдарлама шеңберінде осыған дейін шығарылған облигациялармен ұстаушыларға ұсынылатын құқықтар, сонымен қатар шектеулерді (ковенанттарды) бұзу барысында іске асырылатын және ұстаушылардың аталған құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтар	Осы шығарылымы үшінші облигациялық бағдарлама шегіндегі бірінші шығарылымы болып табылады.

3. Шығарылым құрылымы.

3.1.	Облигациялардың түрі (купондық, дисконттық, қамтамасыз етумен немесе қамтамасыз етусіз)	Қамтамасыз етусіз купондық тәртіптелген облигациялары (бұдан әрі – Облигациялар). Облигациялар Эмитенттің негізгі соманың депозиторлар мен кредиторлардың қатысты бағынады.
-------------	--	--

3.2.	Шығарылатын облигациялардың саны және облигациялар шығарылымының жалпы көлемі (номиналды құны бойынша)	200 000 000 (екі жүз миллион) дана. 200 000 000 000 (екі жүз миллиард) теңге.
3.3.	Бір облигацияның номиналды құны	1 000 (бір мың) теңге.
3.4.	Облигациялар бойынша сыйақы:	
3.4.1.	Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі	Облигациялар бойынша купондық сыйақының мөлшерлемесі Облигациялардың айналымға түсуінің толық мерзімі барысында белгіленген болып табылады және Облигациялардың номиналды құнынан жылдық 9,5% (тоғыз бүтін оннан бес пайыз) құрайды.
3.4.2.	Сыйақыны есептеу басталатын күн	Облигациялар бойынша купондық сыйақыны (бұдан әрі – «сыйақы») есептеу Облигациялар Айналымға түскен күннен басталады.
3.4.3.	Сыйақыны төлеу мерзімділігі мен күні	Сыйақыны төлеу жылына 1 (бір) рет Облигациялардың Айналымға түсуінің толық мерзімі барысында Облигациялар айналымға түскен күннен кейінгі әрбір 12 (он екі) ай сайын жүргізіледі. Сыйақы фиксингтің күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.
3.4.4.	Сыйақы төлеудің тәртібі мен талаптары (егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті емес болса, төлемнің валютасы мен айырбастау бағамы көрсетіледі)	Сыйақыны төлеу Бекіту күніне сәйкес Облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына жүзеге асырылады. Төлем күніне сәйкес сыйақы облигациялардың номиналды құны мен купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеледі. Бұл ретте, төленуі тиіс сыйақы сомасы бүтін сан болмаса, үтірден кейінгі екінші таңбаға дейін дөңгелектеу математикалық әдісі қолданылады. Облигациялар бойынша сыйақының соңғы төлемі Облигацияларды өтеумен бір уақытта жүргізіледі. Барлық төлемдер (сыйақы және негізгі борыш сомасы төлемдері) Эмитент тарабынан қолма-қол ақшасыз тәртіпте Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңге) жүзеге асырылады. Барлық төлемдер Эмитент тарабынан Қазақстан Республикасында салынатын, алынатын, ұсталатын немесе есептелетін қандай да бір салықтардан, баж салықтарынан, салық есептеулерден немесе қандай да бір мемлекеттік

		<p>алымдардан (бірге «Салықтар») босатылған түрде және олардың есебіне ақша шегерусіз, егер осындай ұстап қалу немесе шегеру Қазақстан Республикасының қолданылатын заңнамасына сәйкес талап етілмесе, жүргізіледі.</p> <p>Егер Облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, Облигациялар бойынша төлемдер Облигация ұстаушының Қазақстан Республикасы аймағында теңгемен жүргізілетін банктік шоты бар болған жағдайда, теңгемен жүргізілетін болады.</p> <p>Төлемді жүзеге асыру барысында теңгені басқа валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе Еуро) айырбастауға Эмитент тиісті төлем жасалатын күнге дейінгі 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының резиденті емес - Облигация ұстаушы тарабынан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төмендегідей жүзеге асады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • АҚШ долларымен – «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ының таңғы сессия қорытылымына сәйкес USD_KZT_TOD құрал бойынша төлем жүзеге асыру күніне орташа сараланған валюталық бағаммен; • Еуромен – (i) Reuters ақпараттық агенттігінің каналының ақпараты бойынша төлем ақы жіберілетін күні Астана уақыты бойынша 15-00-де алынған сұранысқа сәйкес баға белгілеу Еуро бағамының АҚШ долларына қатынасы және (ii) «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ының таңғы сессия қорытылымына сәйкес USD_KZT_TOD құрал арқылы төлем жүзеге асыру күніне орташа сараланған валюталық бағамының көбейтіндісімен. <p>Облигациялар бойынша төлемді Қазақстан Республикасының резиденті – Облигация ұстаушының пайдасына жүзеге асыру барысында теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.</p>
3.4.5.	Сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі	Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу айналымға түсуінің толық мерзімі барысында бір жылда 360 (үш жүз алпыс) күн және бір айда 30 (отыз) күн уақыт негізінің есебінен жүргізілетін болады.
3.4.6.	Индекстелген облигацияларды шығару кезіндегі есептеу тәртібі	Облигациялар индекстелмеген.
3.4.7.	Бекіту күні	Тиісті кезең үшін Облигациялар бойынша сыйақыны алуға, немесе айналым мерзімінің соңында оларды өтеу кезінде Облигациялар бойынша негізгі борышты және сыйақыны алуға аталған төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басталуына (Эмитенттің тіркеушісі орналасқан жерде уақыт бойынша) сәйкес Облигация ұстаушылардың тізімдері жүйесінде тіркелген тұлғалар құқылы.

3.5.	Облигациялардың айналымы және оларды өтеу туралы мәліметтер:	
3.5.1.	Облигациялар айналымының басталу күні	<p>Облигациялар айналымы кезі «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның сауда жүйесінде Облигациялар орналыстыру бойынша алғашқы мамандандырылған сауда-саттығының өту күніне басталады.</p> <p>Осы тармақшаның бірінші азат жолымен анықтаған Айналымның басталу күні ақпараты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми сайтында жариялау болады.</p>
3.5.2.	Облигациялардың айналымы жоспарланған нарығы (ұйымдастырылған және(немесе) ұйымдастырылмаған)	Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарығы
3.5.3.	Облигациялардың айналым мерзімі және оларды өтеу талаптары	<p>Облигациялардың айналым мерзімі Облигациялар айналымының басталу күнінен бастап 10 (он) жылды құрайды.</p> <p>Облигациялар Бекіту күніне сәйкес Облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақшаны (теңгемен) аудару арқылы, Бекіту күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күнінің ішінде соңғы сыйақыны төлеумен қатар Облигациялардың номиналды құны бойынша өтеледі.</p> <p>Егер Облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болса, Облигациялар бойынша төлемдер Облигация ұстаушының Қазақстан Республикасы аймағында теңгемен жүргізілетін банктік шоты бар болған жағдайда, теңгемен жүзеге асырылатын болады.</p> <p>Төлемді жүзеге асыру барысында теңгені басқа валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе Еуро) айырбастауға Эмитент тиісті төлем жасалатын күнге дейінгі 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының резиденті емес - Облигация ұстаушы тарабынан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төмендегідей жүзеге асады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • АҚШ доллармен – «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ының таңғы сессия қорытылымына сәйкес USD_KZT_TOD құрал бойынша төлем жүзеге асыру күніне орташа сараланған валюталық бағаммен; • Еуромен – (i) Reuters ақпараттық агенттігінің каналының ақпараты бойынша төлем ақы жіберілетін күні Астана уақыты бойынша 15-00-де алынған сұранысқа сәйкес баға белгілеу Еуро бағамының АҚШ долларына қатынасы және (ii) «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ының таңғы сессия қорытылымына сәйкес USD_KZT_TOD құрал бойынша төлем жүзеге асыру күніне орташа сараланған валюталық бағамының көбейтіндісімен.

		Облигациялар бойынша төлемді Қазақстан Республикасының резиденті – Облигация ұстаушының пайдасына жүзеге асыру барысында теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.
3.5.4.	Облигацияларды өтеу күні	Облигациялар айналымының басталу күнінен кейінгі 10 (он) жыл аяқталғаннан кейін
3.5.5.	Облигацияларды өтеу жүргізілетін орын	«Казкоммерцбанк» АҚ Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гагарин даңғ. 135 «ж»
3.5.6.	Облигацияларды өтеу тәсілі	Облигациялар Бекіту күніне сәйкес, Облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақшаны (теңгемен) аудару арқылы, Бекіту күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күнінің ішінде соңғы сыйақыны төлеумен қатар Облигациялардың номиналды құны бойынша өтеледі.
3.6.	Облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және басқа қамтамасыз етілген облигациялар шығару барысында): қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған жағдайда келесі көрсетіледі: - кепіл заты, оның құны мен кепіл затын өндіріп алу тәртібі; - облигацияларды қамтамасыз ету туралы шарттың талаптары; - егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілген болса – атауын, орналасқан жерін, байланыс телефондары мен кепілдіктің мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік ұсынған банктің деректері көрсетіледі	Облигациялар Эмитентінің немесе байланысты тұлғаның кепілімен және экономикалық әрі заң бойынша жинақшы және басқа кредитшілер алдында төлем басымдығын ұлғайтатын басқа келісім-шартымен қамтамасыз етілмеген.
3.7.	Облигация ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (облигация ұстаушылар өкілінің атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, қызмет	Облигация ұстаушылар өкілінің қызметін номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік-дилерлік қызметін жүзеге асыруға ҚР қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен (қазіргі уақытта ҚРҰБ) 31.07.2006ж. берілген № 0401201249 лицензиясы бар «BCC Invest» АҚ (Қазақстан

	көрсету туралы шарттың күні және нөмірі көрсетіледі)	Республикасы, 050022, Алматы қ., Шевченко к-сі, 100-үй, тел./факс: (727) 244 32 32, факс: (727) 244 32 31) жүзеге асырады. Облигация ұстаушылардың өкілі өз қызметін облигация ұстаушылар өкілінің қызметін көрсету туралы 2015 жылғы қыркүйектің 15 № 7/15 Шарттың (қамтамасыз етусіз) негізінде жүзеге асырады.
3.8.	Тіркеуші туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілім жүйесін жүргізу бойынша қызмет көрсету туралы шарттың күні мен нөмірі көрсетіледі)	«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы, 050000 Алматы қ., Абылай хан даңғ., 141 Байланыс телефоны: +7 (727) 272 47 60 Факс: +7 (727) 272 47 60 ішкі 230 Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу бойынша шарт: № 00035-АО 09.08.2012 ж.
3.9.	Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер (облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдардың атауы, орналасқан жері, тиісті шарттардың күні мен нөмірі көрсетіледі)	Бағалы қағаздар нарығындағы қызметпен байланысты мәселелер бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету және андеррайтер қызметін көрсету туралы шартқа сәйкес Эмитенттің Облигациялар шығару бойынша Қаржы кеңесшісі және Андеррайтері болып «Казкоммерц Секьюритиз» Акционерлік қоғамы («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы) болып табылады. Шартты 2015ж. қыркүйектің 17-нен бастап күшіне енгізеді – Эмитенттің директорлар кеңесі шешімі қабылдау күні. Казкоммерц Секьюритиз Бас офісі мына мекенжай бойынша орналасқан: 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 34, байланыс телефоны: +7 (727) 244 65 05, факс: +7 (727) 244 65 06. Казкоммерц Секьюритиз Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігімен берілген номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға 2006 жылғы 17 мамырдағы № 0401201207 лицензиясы бар.
3.10.	Төлем агенті туралы мәліметтер (оның атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, тиісті шарттың күні мен нөмірі көрсетіледі)	Сыйақыны төлеу және Облигацияларды өтеу Эмитент тарабынан өз бетінше төлем агентінің қызметін пайдаланусыз жүзеге асырылады.
3.11.	Облигациямен оның ұстаушысына, келесіні көрсетумен берілетін құқықтар: - эмитенттен	Облигация ұстаушылары құқылы: 1) Эмитенттен осы Проспектімен қарастырылған мерзімде Облигациялардың номиналды құнын алуға, сондай-ақ Облигациялар бойынша белгіленген сыйақыны

	<p>облигациялардың номиналды құнын шығарылым проспектісінде қарастырылған мерзімде алуға немесе басқа мүліктік баламасын алуға құқығы, сондай-ақ облигациялардың номиналды құнынан ол бойынша белгіленген пайызды немесе басқа мүліктік құқықтарды алуға құқығы;</p> <p>- эмитентпен облигациялардың мерзімінен бұрын төленуін талап ету құқығы – осы проспектімен белгіленген, соның ішінде облигациялар шығарылымы проспектісімен қарастырылған шектеулерді (ковенанттарды) бұзу кезінде аталған құқықты іске асырудың шарттары, тәртібі мен мерзімдері көрсетіледі</p>	<p>алуға;</p> <p>2) Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздардың қайталама нарығында Облигацияларды еш кедергісіз сатуға және сатып алуға;</p> <p>3) Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитенттің ішкі ережелерімен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарымен қарастырылған тәртіпте алуға;</p> <p>4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте және жағдайларда Облигациялар бойынша өз талаптарын қанағаттандыруға;</p> <p>5) Эмитенттің кінәсінен сыйақы және/немесе Облигациялардың номиналды құны осы Проспектімен белгіленген мерзімде төленбеген, сондай-ақ толық төленбеген жағдайда, аталған сомаларды, сондай-ақ ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесін негізге алып есептелетін, мерзімі өткізілген әр күн үшін міндеттеме орындалмаған сомаға өсімпұл төлеуді талап етуге.</p> <p>Осы Проспектпен төмендегі шарттар ескерілмеген:</p> <p>1) Облигациялар ұстаушылардың Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету;</p> <p>2) Облигациялар ұстаушылардың Облигациялардың сыйақы мен номиналдық құнын мерзімінен бұрын өтеуді талап ету, банктің банкротқа ұшырауы немесе Эмитенттің таралу жағдайларынан басқа;</p> <p>3) Ұстаушылардың төлемдерін (купондық сыйақы) ұлғайтудың талап етуі және өтеуін төлеп алуына түрткі болу;</p> <p>4) Эмитенттің немесе Эмитентпен ерекше қарым-қатынастағы тұлғаның (Эмитенттің бақылау көзі немесе Эмитенттің қызметіне әсер ететін тұлға) Облигацияларды сатып алуы және Эмитенттің тура және жанама түрде Облигацияларды сатып алуды қаржыландыру құқығы.</p>
<p>3.11.1</p>	<p>Олар басталғанда Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар:</p> <p>- облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитентпен қабылданатын</p>	<p>I. Эмитент Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – Дефолт оқиғасы):</p> <p>Осы Проспектімен белгіленген негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу мерзімдері аяқталған күннен кейінгі күннен бастап Эмитенттің Облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша міндеттемесін орындамауы немесе тиісті түрде орындамауы.</p> <p>Жауапкершіліктен босату</p>

<p>шаралар, облигациялар бойынша сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде облигация ұстаушыларының құқықтарын қорғау рәсімдері, соның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары көрсетіледі.</p> <p>- облигация ұстаушыларына мәлімет үшін орындалмаған міндеттемелер көлемі, міндеттемелер орындалмауының себебі, сондай-ақ өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация ұстаушыларының мүмкін болатын іс әрекеттерін атап өту, сонымен қоса эмитентке, облигациялар бойынша міндеттемелер эмитентпен орындалмаған немесе тиісті түрде орындалмаған жағдайда эмитент міндеттемелері бойынша бірлескен немесе субсидияланған жауапкершілікті алып жүретін тұлғаларға талап етумен жүгіну тәртібі кіретін дефолт деректері туралы ақпарат беру тәртібінің, мерзімінің және тәсілінің толық сипаттамасы көрсетіледі. Егер көрсетілген ақпаратты</p>	<p>Егер міндемелердің орындалмауы тежеусіз күш жағдайларының салдарынан туындаған болса, Эмитент өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Болжауға немесе оның алдын алуға мүмкін болмаған жағдайлардың пайда болуы (сонымен қоса, бірақ онымен шектелмей: табиғи апаттар, әскери іс әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салатын немесе шектейтін сипаттағы актілері) тежеусіз күш жағдайлары деп түсіндіріледі. Тежеусіз күш жағдайлары туындаған жағдайда, Эмитенттің өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлардың және олардың салдарының әрекет еткен мерзіміне мөлшерлес уақыт кезеңіне ұзартылады.</p> <p>II. Облигациялар бойынша дефолт басталғанда, Эмитент дефолттың туындауына әкелген себептерді жою, және Облигация ұстаушыларын құқықтармен қамтамасыз ету үшін барлық күшін салады. Дефолт басталған жағдайда, Эмитент дефолт туралы Облигация ұстаушыларын, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, «Қазақстан қор биржасы» АҚ хабарлайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ережелерімен, сондай-ақ Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерімен белгіленген мерзімде және тәртіпте қаржы есебі депозитарийға жібереді.</p> <p>Дефолт туралы ақпараты келесі мәліметтер енгізеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> i. дефолт туындаған күнге сәйкес Эмитентпен орындалмаған міндеттемелердің көлемін; ii. дефолттың туындауына әкелген міндеттемелердің орындалмау себептерін; iii. өз талаптарын қанағаттандыру бойынша Облигация ұстаушыларының мүмкін болатын іс әрекеттерін атап өтуді, сонымен қоса Эмитентке талап етумен жүгіну тәртібі мен мерзімін; iv. Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпаратты. <p>Көрсетілген ақпаратты ашуды басқа заңды тұлғаға тапсыру қарастырылмаған.</p> <p>III. Эмитенттің кінәсінен сыйақы және/немесе Облигациялардың номиналды құны осы Проспектімен белгіленген мерзімде төленбеген, сондай-ақ толық төленбеген жағдайда, Эмитент Облигация ұстаушыларына ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесін негізге алып есептелетін, мерзімі өткізілген әр күн үшін міндеттеме орындалмаған сомаға өсімпұл төлейді.</p>
--	---

	<p>ашу эмитентпен басқа заңды тұлғаға тапсырылған болса, бұл тұлғаның толық және қысқартылған атауы және оның орналасқан жері көрсетіледі.</p>	<p>IV. Облигациялар бойынша дефолт басталғанда Эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте және шарттарда жүзеге асырылатын болады.</p> <p>V. Облигациялар бойынша міндеттемелер Эмитентпен орындалмаған немесе тиісті түрде орындалмаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша бірлескен немесе субсидияланған жауапкершілікті алып жүретін тұлғалар жоқ.</p>
<p>3.12.</p>	<p>Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы (егер аталған құқық облигациялар шығарылымы туралы эмитент органының шешімімен қарастырылған болса) Эмитенттің Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары және мерзімдері көрсетіледі</p>	<p>I. Эмитенттің өз қалауы бойынша Облигацияларды мерзімінен бұрын толық мөлшерде өтеу құқығы айналым бастау күнінен бастап 5 жылдан кейін келесі шарттар орындалған кезде бар болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Уәкілетті органның жағымды қорытындысының бар болуы; • Сапасы сай немесе бұдан жақсы капиталмен алмастыру жағдайында; • Облигациялардың мерзімінен бұрын өтелуі кезінде капиталдың талап етілетін минималды деңгейінен жоғары Эмитенттің капиталдануының жақсаруы. <p>II. Осы Проспекттің I тараудағы 3,12 бөлімінде көрсетілген шарттар бұзылмаған жағдайда мерзімінен бұрын өтеу мақсатында Эмитент өзінің облигацияларын тек Эмитенттің директорлар кеңесінің шешімімен қайта сатып ала алады.</p> <p>Облигацияларды қайта сатып алу мерзімінен 10 (он) күнтізбелік күн бұрын оны ұстаушылардың назарына мерзімінен бұрын өтеу мақсатында Облигацияларды қайта сатып алу туралы Эмитент өзінің ресми сайтында (www.kkb.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz) сәйкес хабарландыруды Қазақстан Республикасының заңнамасында және Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасасқан мемлекеттік емес бағалы қағаздардың листингі туралы Шартында көрсетілген уақыт пен тәртіпте жариялау арқылы мәлімдейді.</p> <p>Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мақсатында қайта сатып алу Облигациялар бойынша сәйкес сыйақыны төлеумен қатар номиналды құны бойынша іске асырылады, сонымен бірге номиналды құны мен купондық сыйақыны алуға құқылы тұлғалар болып Эмитенттің директорлар кеңесінің сәйкес шешімімен анықталған Облигациялардың мерзімінен бұрын өтелу уақытының басталуынан алдыңғы күнінің басына Облигацияларды ұстаушылар реестрінде тіркелгендер табылады.</p> <p>Егер Облигацияларды ұстаушы болып Қазақстан Республикасының бейрезиденті табылса, облигацияны ұстаушыда Қазақстан Республикасының территориясында</p>

		<p>теңгедегі банктік шотының болуы шартында теңгеде іске асырылады.</p> <p>Төлемді өтеу кезінде Облигацияны ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезидентінен төлемді өтеу уақытынан бұрын 5 (бес) жұмыс күнінен кем емес уақыт ішінде сәйкес жазбаша мәлімдемені Эмитент алған жағдайда теңгені басқа валютаға ауыстыру (тек қана АҚШ Доллары немесе Еуро) рұқсат етіледі. Көрсетілген коверсиялау іске асырылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • АҚШ Долларына – төлемді өтеу уақытына «Қазақстан қор биржасы» АҚ таңертеңгі сессиясында USD_KZT_TOD инструменті бойынша орын алған орташа бағам бойынша; • Еуроға – (i) төлемді өтеу мерзімінің 15-00 Астана уақыты бойынша Еуро курсының АҚШ долларына қатынасының туындысы бойынша және (ii) төлемді өтеу уақытына «Қазақстан қор биржасы» АҚ таңертеңгі сессиясында Еуроғағы USD_KZT_TOD инструменті бойынша орын алған орташа бағам бойынша іске асырылады. <p>Облигациялар бойынша төлемді өтеу кезінде Облигацияны ұстаушы – Қазақстан Республикасының резиденті пайдасына теңгені басқа кез келген валютаға ауыстыруға рұқсат етілмейді.</p>
3.12.1	<p>Эмитентпен Облигация ұстаушыларына ақпарат мазмұнын, осындай ақпаратты ашудың тәртібін, мерзімдерін және тәсілін көрсетіп өз қызметі және қаржылық жағдайы туралы мәлімет берудің, соның ішінде облигациялар шығарылымы проспектімен қарастырылған шектеулерді (ковенанттарды) бұзу туралы мәлімет берудің тәртібі</p>	<p>Эмитенттің қызметі және қаржылық жағдайы туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Эмитент және «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартпен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде Эмитенттің ресми сайтында (www.kkb.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ сайтында (www.kase.kz), сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде Қаржы есептілігі депозитарийінің ресми сайтында (www.dfo.kz) орналастырылады.</p>
3.13.	<p>Облигацияларды орналастыру нәтижесінде түскен ақшаны пайдалану туралы мәлімет:</p>	<p>Эмитент өзінің қорландыру көздерін әртараптандырып, Облигациялар шығарылымынан тартылған таза ақша қаражатын кредит қызметін қаржыландыруға жұмсауға, негізінен ірі, орта, шағын кәсіпорындарға және бөлшек бизнеске кредит беруге ниеттенеді.</p>

	<p>облигацияларды орналастыру нәтижесінде эмитенттің алған ақшаны пайдалану мақсаты және тәртібі көрсетіледі, сондай-ақ олардың басталғанында түскен ақшаны бөлудің жоспарланған тәртібіне өзгерістердің енгізілуі мүмкін болатын шарттар, осындай өзгерістер көрсетілуі тиіс</p>	<p>Эмитент Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны бөлу тәртібіне өзгерістер енгізуді жоспарламайды. Осымен қатар, Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны бөлудің жоспарланған тәртібіне өзгерістер енгізу қажеттілігі туындаған жағдайда, Эмитент осы Проспектіге өзгертулер мен толықтыруларды енгізетін болады.</p>
<p>3-1.</p>	<p>Облигацияларды өтеу уақытына дейін сыйақы төлемін жүргізудің әр кезеңі ашып көрсетілген, сыйақы төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті Эмитент ақша қаражатының көздері мен түсімдері туралы болжам.</p>	<p>Облигацияларды өтеу уақытына дейін сыйақы төлемін жүргізудің әр кезеңі ашып көрсетілген, сыйақы төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті Эмитент ақша қаражатының көздері мен түсімдері туралы болжам осы Проспектіге №1 Қосымшада берілген.</p>
<p>3-2.</p>	<p>Эмитентпен қабылданатын және Заңмен көзделмеген (егер бұл облигациялар шығарылымы туралы эмитент органының шешімімен қарастырылған болса) шектеулер (ковенанттар). Шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде, эмитенттің және облигация ұстаушысының әрекет ету тәртібі, соның ішінде эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу бойынша іс әрекеттері толық жазып көрсетіледі.</p>	<p>Облигациялар шығарылымы бойынша шектеулер (ковенанттар) ескерілмеген.</p>

4.	<p>Опциондар туралы ақпарат (егер опциондар облигация ұстаушысына эмитент облигациясын сатып алуға рұқсат ететін болса, онда бұл тармақшада опцион жасасудың шарттары көрсетіледі)</p>	<p>Опциондар қарастырылмаған.</p>
5.	<p>Айырбасталатын облигациялар (айырбасталатын облигациялар шығарылған және орналастырылған жағдайда, облигация айырбасталатын акцияның түрі, саны және орналастыру бағасы, акциялар бойынша құқықтары, сондай-ақ осындай айырбастаудың тәртібі мен шарттары көрсетіледі)</p>	<p>Эмитент облигациялары айырбасталмайды.</p>
6.	<p>Облигацияларды орналастыру тәсілі</p>	
6.1.	<p>Облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі (Облигациялар ұйымдастырылмаған нарықта орналастырылған жағдайда облигацияларды орналастыру басталған күн және аяқталған күн көрсетіледі (бар болған жағдайда))</p>	<p>Облигацияларды айналым мерзімі ішінде орналастыру қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес орналастыру туралы есептерді ұсынумен жүзеге асырылады.</p> <p>«Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес Облигацияларды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыру жоспарланған.</p> <p>Облигацияларды орналастыру басталатын күн және аяқталатын күн: Облигациялардың айналымға енген күнінен бастап Облигациялар айналымының толық қолданыс мерзімі бойына.</p>
6.2.	<p>Акцияларға айырбасталатын облигациялар орналастырылған кезде, айырбастау шарттары көрсетіледі</p>	<p>Облигацияларды акцияларға айырбастау қарастырылмаған.</p>
6.3.	<p>Облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі</p>	<p>Облигациялар қолма-қол ақшасыз нысанда ақшамен төленеді. «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда алаңында</p>

<p>(облигацияларды төлеу шарттары, тәртібі, есеп айырысу тәсілдері, көрсетіледі, соның ішінде қайта құрылымдау жоспарымен қарастырылған ерекшеліктер ескеріледі)</p>	<p>мамандандырылған сауда-саттықты жүргізу арқылы Облигацияларды орналастырған кезде төлем «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.</p>
--	---

«Казкоммерцбанк» АҚ
Басқармасының Төрағасы



Ауэзов М.М.

«Казкоммерцбанк» АҚ
Басқарушы директоры - Бас бухгалтері

Шоинбекова Г.К.

№ 1 Қосымша

3-1. Эмитенттің сыйақы төлеуге және негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті ақша қаражаты көздерінің және ағымдарының облигациялар өтелген сәтке дейінгі сыйақы төлеудің әрбір кезеңі ашын көрсетілген болжамы.

Сыйақы төлемдері және негізгі борыш сомасын номиналды құны бойынша өтеу Эмитенттің меншікті қаражаты есебінен қамтамасыз етілетін болады. Эмитенттің пайымдауынша, әрбір кезең бойынша қызметінің негізгі түрінен түсетін қаражат сомасы негізгі борышты өтеуге және міндеттемелерді орындауға жеткілікті.

Төменде Эмитенттің 2015 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңдегі ақша ағымдарының болжамы ұсынылған:

млн. теңгемен	2015*	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ	-97 726	88 656	161 728	70 465	182 947	13 724	22 004	164 174
<i>соның ішінде алынған қаражатты пайдаға асырудан түсетін пайыздар</i>	8 767	17 757	18 182	18 703	19 283	19 983	20 652	10 697
<i>соның ішінде жаңа шығарылған қағаз бойынша төленген пайыздар</i>	-6 800	-13 563	-13 563	-13 563	-13 563	-13 563	-13 563	-6 763
<i>соның ішінде алынған қаражаттан несиелер бойынша қаражат беру</i>	0	0	0	0	0	0	0	0
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ	-1 775	-3 043	-3 043	-3 043	-3 043	-3 043	-3 043	-3 043
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ	90 994	-78 626	-152 058	-53 439	-191 304	0	0	-243 588
<i>соның ішінде шығарылған борыштық бағалы қағаздардың түсімдері</i>	155 000	0	0	0	0	0	0	
<i>соның ішінде шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу және өтеу</i>	-44 982	-45 587	-64 147	-43 456	-187 791	0	0	-88 588
<i>соның ішінде шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу</i>								-155 000
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының таза өзгеруі	-8 506	6 987	6 627	13 983	-11 399	10 681	18 961	-82 457
Ақша қаражаты мен олардың баламалары кезең басында	179 855	171 349	178 336	184 963	198 946	187 547	198 228	217 188
Ақша қаражаты мен олардың баламалары кезең соңында	171 349	178 336	184 963	198 946	187 547	198 228	217 188	134 731

*01.06.2015 ж. бастан ақша қаражатының қозғалысы, 01.07.2015ж. бастан құнды қағаздардың шығаруы

Осы Проспектіге № 1 Қосымшада келтірілген Эмитенттің ақшалай қаражат легінің болжамы дұрыс емес немесе дәл емес болуы мүмкін және жүзеге асыруға келмейтін, сондай-ақ түрлі: соның ішінде барлық экономикалық және коммерциялық шарттарды, Эмитент өніміне сұранысты, эмитент өз қызметін жүргізетін секторда орын алатын бәсекелес факторларды, мемлекеттік реттеулердегі өзгерістерді, салық талабындағы өзгерістерді (салық мөлшерлемесін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасын талқылауды қайта қарауын қоса), соттық және төрелік іс қарауларының нәтижелерін, пайыздық мөлшерлеме, айырбастау бағамы және т.б. нарықтық шарт өзгерістерін, оның ішінде экономикалық және саяси жағдайлардағы өзгерістер мен басқа да келешегі бұлыңғыр сияқты факторларға байланысты өзгертілуі тиіс жорамалдарға, деректерге немесе әдістерге байланысты болып келеді.

Эмитент жаңа ақпарат пайда болу салдарынан, келешекте болатын оқиғалар немесе өзге негіздер бойынша осы Облигацияны шығару проспектінде ашылатын қандай да бір болжамдық деректерді жаңартуға немесе қайта қарауға міндетті емес және ниет етпейді. Бұдан әрі перспективалар және / немесе болжамдар туралы Эмитенттің немесе Эмитенттің атынан әрекет ететін өзге тұлғалардың атынан жасалған деп есептелетін барлық жазбаша немесе ауызша мәлімдемелер, өз тұтастығында осы Облигацияны шығару проспектінің түгелдей мәтініндегі алдын ала ескертуші мәлімдемесімен шектеледі. Осы тәуекел, тұрлаусыздық немесе жорамал салдарынан Облигацияны ықтимал сатып алушылар лайықсыз түрде перспективалар туралы осы мәлімдемелерге сенім артпауы тиіс.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Республикалық мемлекеттік мекемесі

№ 100/100/100

2015 ж. «29 Жарғаш»

прошито и пронумеровано на
90 листах

Председатель Правления
Ауэзов М.М.



Кучеренко Р. Кругосвал

5

ask